



Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жылғы 26-28 қазан

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауын қашықтық форматында өткізеді.

Жаңа дәуірде зор табыстарға қол жеткізу үшін білімді болу мен ақпарат көздерін жинақтау жеткіліксіз. Ең керегі әр нәрсенің ерекшелігін танып, қалыпсыз жағдайда ой тудырып, жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияны меңгеріп, оны тәжірибеде қолдану болып табылады.

Дәл осы қабілеттерді оқушылар инновациялық идеялар байқауында онлайн режимде көрсететін болады. Бұл байқау ең өзекті және перспективті ғылыми жұмыстарды аша алатын жас ғалымдарды, өзінің зияткерлік және мәдени деңгейін арттыруға мүдделі қатысушыларды біріктіреді.

Байқауға жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы байқау кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Республикалық байқауға 170 адам бала қатысады.

Қатысушылар техникалық құрастырушылық саласындағы өздері жасаған автокөлік, су көлік құралдары, авиация, жылу энергетикасы, электр энергетикасы, баламалы энергетика, құрылыс, өндіріс, әскери техника, ауыл шаруашылық техникасы, ғарыштық

техника, ракета құрастырудың қолданыстағы модельдерінің жобаларын қорғайды.

Оқушыларға арналған жобалық жұмыс – бұл, ең алдымен, білім берудің келесі кезеңдерінде қажет болатын жұмыс технологиясын меңгеру. Олардың қайда оқитыны, жұмыс істейтіні маңызды емес.

Жобалық қызмет өнертапқыштықты және модельдеу дағдыларын қалыптастырады. Байқауға қатысушылар жобалаудан құнды тәжірибе алып, өз жобасын құрады, сәттілік жағдайында өмір сүріп, алған тәжірибесімен немесе жобасымен бөлісе алады.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттар, барлық қатысушыларға – сертификаттар жолданады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 64-27-22.